




АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

АТАУЫ	ТАБЫЛҒАН ЖЕРІ	ЖАСЫ	АҚПАРАТ	КЕЗЕҢІ
Австралопитек « <i>епті адам</i> » (homo habilis)	Кения жеріндегі Олдувай шатқалында (Африка) табылған.	Бұдан 1 млн. 750 мың жыл бұрын өмір сүрген.	Алғашқы адамның кәсібі терімшілік пен аңшылық болды. Баспаналары - үңгірлер. Ертедегі адамдардың ұжымы тобыр деп аталады.	Ерте палеолит
Питекантроп « <i>тік жүретін адам</i> » (homo erectus)	Қаңқасы алғаш рет 1891 жылы Ява аралынан табылды.	Бұдан 1 млн. жыл бұрын өмір сүрген.		
Синантроп « <i>қытай адамы</i> »	Солтүстік Қытайдан табылған.	Бұдан 500-200 мың жыл бұрын өмір сүрген		
Неандертальдық	Германия	б.з.б.100 - 40 мың жыл	Ол тастан, сүйектен, ағаштан құрал жасай білген, шақпақ тастармен от жағуды үйренген. Неандертальдықтың басы еңкіш, мойны қысқа, ал тістері аса ірі болған. Оның сөйлеу қабілеті толық қалыптаспаған. 1938 жылы Өзбекстанның Тесіктас үңгірінен неандерталь баланың сүйегі табылды.	Орта палеолит Мустье
Кроманьондық « <i>саналы адам</i> » (homo sapiens)	Кро-Маньон үңгірі (Франция)	б.з.б.40-12 мың жыл	Адамзат жердің барлыққа жуық аумағын игерді. «Саналы адам» тік жүруді, анық сөйлеуді меңгеріп, сөздік қорын жетілдіріп отырды. Рухани жағынан жетіле түсті. Үңгір қабырғаларына салған суреттері бұған дәлел болады. Діни наным-сенімдері қалыптаса бастады, адамды жерлегенде түрлі әшекей заттарын бірге көмген.	Кейінгі палеолит





Ретушь әдісі – бір қабат өңделген тас құралдың жүзін ұсақ керткі ойықтар жасау арқылы өткірлеу. Үшкіртастарды тас жарықшақтарынан жасап, ұштарын ретушь әдісімен өңдеп өткірлеген. Қырғыштардың жүзін де ретушьпен өңдеген.

- **Ежелгі**
- **палеолит**
- *б.з.д. 2,5 млн. – 140 мың ж.*

- **Орта**
- **палеолит (мустье)**
- *б.з.д. 140 – 40 мың ж.*

- **Кейінгі**
- **палеолит**
- *б.з.д. 40 – 12 мың ж.*

Адамдар тобы біртіндеп туысқандардың ұжымына – **рулық қауымға** айналды. Бұл «саналы адамның» шығу уақытына сәйкес келеді. Әр руда бірнеше ондаған рулас адам болды. Алғашында барлық жұмыстарды аналар атқарып, ұжымдағы аналар беделі артты. Рулық бөлініс аналардың үстемдігімен анықталды. Жер, баспана, еңбек құралдарына ортақ меншік болды. Ру ішіндегі мәселелер жалпы жиналыста шешілді. Оған ерлермен бірге әйелдер де қатысты. Жалпы жиналыста сайланған ақсақалдар даулы мәселені шешті, аң аулайтын, мал жаятын жерлерді бөліп берді. Рулық бірлестіктерді көсемдер басқарды.

• **ТАС ДӘУІРІ**

• **Палеолит**

• *б.з.д. 2,5 млн. – 12 мың ж.*

• **Мезолит**

• *б.з.д. 12 – 5 мың ж.*


• **Неолит**

• *б.з.д. 5 – 3 мың ж.*

Алғашқы адамдардың еңбек құралдарын, тас өңдеу техникасын, бұйымдардың жетілдірілуін зерттеген археологтар тас дәуірін үш кезеңге бөледі.



Ұзаққа созылған тарихи кезең – ежелгі палеолит

Палеолит (палео... және грек. lithos – тас) – ежелгі тас дәуірі. — адам мен оның шаруашылығы қалыптасуының бастапқы уақыты. Алғашқы қауым адамы жабайы өсетін дәндерді, жеміс-жидектерді жинап, жануарларды аулаған. Палеолит дәуіріндегі адамдардың қоғамдық ұйымы күрделі де ұзақ даму жолынан өтті. Оның бастапқы кезеңі алғашқы тобыр — бірлесіп қорғану және шабуыл жасау, аң аулау және жиын-терін үшін бірлесу болды. Бұл әлеуметтік құрылым бейнесіздігімен, қоғамдық қатынастардың жетілмегендігімен ерекшеленеді. Сонымен бірге оған неке байланыстарының кейбір реттелгендігі тән болды. Алғашқы тобыр төменгі палеолиттің алдыңғы кезеңдерінің бірі — ашель дәуіріне сәйкес келеді.






Палеолит дәуірінің адамдары қарапайым тас құралдарды пайдаланған, оны өндіруді және қыштан ыдыс жасауды білмеген. Олар аңшылықпен және тағамдық өсімдіктер жинаумен айналысты. Балық аулау жаңадан жандана бастаса, егіншілік пен мал шарушылығынан хабарсыз еді. Палеолит дәуірінің басталуы (2 млн-нан астам жыл бұрын) жерде адам тәріздес маймылдар түріндегі архантроптардың пайда болуына сай келеді (қ. Олдувэй мәдениеті). Палеолиттің аяқталуы б.з.б. 12 – 10 мың жылдар шамасы. Бұл – Палеолит пен неолит аралығындағы мезолитке өту кезеңі. Палеолит, негізінен, ежелгі (төменгі, ертедегі) және кейінгі (жоғарғы) Палеолит болып екіге бөлінеді. Ежелгі Палеолит шегі ертедегі археологиялық дәуір іздері ежелгіден бастап бөлшектенеді: Олдувэй (шелльге дейінгі немесе малтатаc мәдениеті) адамзат тарихының басы; ежелгі ашель (аббевиль немесе шелль мәдениеті); орта және кейінгі ашель, мустье мәдениеті.





Кейінгі Палеолит дәуіріндегі бөлшектену тек жергілікті сипат алды. Көптеген зерттеушілер Палеолитті екіге емес, үш бөлікке айырып, мустье мәдениетін орта Палеолитке жатқызады. Олдувэй дәуірінде Палеолиттік "Homo habilis" өмір сүрді. Ежелгі ашель мен орта және кейінгі ашель дәуірінде питекантроп, синантроп, т.б. архантроптар түрі, мустье мәдениеті кезінде неандертальдар (палеоантроптар) өмір сүрді. Кейінгі Палеолит кезінде қазіргі адам түрі "Homo Sapiens" (неоантроп) пайда болды





ЕЖЕЛГІ ПАЛЕОЛИТ ДӘУІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

АЙМАҚ	АТАУЫ	ЕРЕКШЕЛІГІ
Оңтүстік Қазақстан	Арыстанды	<i>Бұл тұрақтардан өте жақсы өңделген қырғыштар қазып алынды. Қырғыштар шамамен бұдан 25 мың жыл бұрын жасалынған.</i>
Шығыс Қазақстан	Шульбинка	
Маңғыстау	Шақпақата	<i>Тұрақтар ерте тас ғасырының ең көне ескерткіштері болып есептеледі. Себебі бұл тұрақтардан табылған құралдар Олдувай (Шығыс Африка) сайынан табылған ең көне құралдармен замандас. Бұл тас құралдар – жарғыш сыналас, бифас, пышақ, қырғыш, үшкіртаслар.</i>
Оңтүстік Қазақстан	Арыстанды	
Орталық Қазақстан	Батпақ	<i>Оның мәдени қабаты жер бетінен 6 метр тереңдіктен табылған. 300-ге таяу тас қырғыштар қазып алынды.</i>
	Семізбұғы	<i>Жүзі түзу, кейде қайқы тас пышақ түріндегі қырғыштар табылған.</i>
Жамбыл облысы	Бөріқазған, Шабакты	<i>5000- га жуық тас құралдар табылды.</i>



ЕЖЕЛГІ ПАЛЕОЛИТ

- Қазақстанда алғашқы адамдар шамамен 1 миллиондай жыл бұрын өмір сүргендігін дәлелдейтін тастан жасалған еңбек құралдары Маңғыстаудың қай тұрағынан табылды:
- Бөріқазған, Шабакты тұрақтарынан шамамен қаншаға жуық тас құралдары табылған:
- Екі жағынан өңделген қарапайым шапқыш тас құралын қалай атаймыз:
- Ежелгі замандағы от жағудың ең алғашқы әдісі:
- Кейінгі палеолит қай мыңжылдықтарды қамтыды:
- Палеолит неше кезеңге бөлінеді:
- Батпақ тұрағы табылған аймақ:
- Бөріқазған, Шабакты тұрақтарынан табылған тас құралдар саны:
- Ерте палеолиттік тұрақтардың ең көнесі:
- Палеолит дәуіріндегі тас құралдарды өңдеу әдісі:
- Рулық қауымдағы даулы мәселелерді шешті:
- Шығыс Қазақстаннан табылған кейінгі палеолиттік тұрақ:
- Ұзаққа созылған тарихи кезең:
- “Саналы адам” кезіндегі туысқандық ұжым:



ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА ТУРАЛЫ ТҮСІНІГІ


Адамдар өз білімдерін суретті хат – **пиктография** арқылы хабарлаған. Әрбір ұғымның өзіндік шартты таңбасы болған. Шұбар атты салу арқылы малдың індет ауруынан қырылғанын білдірген. Палеолиттік суретшілер сурет салуда ағаш көмірін пайдаланған. Суреттер үңгірдің қабырғасында бейнеленген. Шашын таңғаларлықтай сәндеген, белін бұған әйелдерді жиі бейнелеген. Әр түрлі бояумен шауып келе жатқан аттарды, аңшылықтың түрлі көріністерін салған.



Қараүңгір мекенінен дөңгелек түптері қызыл бояумен боялған қыш ыдыстар табылды. Ыдыстарға шұңқыр мен штрихтар түріндегі өрнектер салынған. Қарағанды облысынан табылған қыш ыдыс толқын тәрізді және геометриялық өрнектермен әшекейленген.

Ертедегі мүсіншілер сүйек пен мүйізден жүгіріп жүрген еліктердің және адамдардың бейнесін ойып жасаған. Сүйек пен мүйізден жасалған әйелдердің мүсіндері көп табылған. Еңбек құралдарын ойып әшекейлеу жиі кездеседі.





1




2



3



4



5



6




7



КАРТА ПАЛЕОЛИТИЧЕСКОЙ СТОЯНКИ СУНГИРЬ




Мустерлік ескеркіштер анық екі негізгі лагерьге бөлінеді (оның қалдықтары үлкен және Жақсы жабылған, мықты мәдени қабаттары қалыптасқан үңгірлер, әр түрлі көптеген Фаукамен)уақытша аңшылық лагерьге бөлінеді біріншілік тасты карьерлердің қозу жерлері табылған. Негізгі және уақытша аңшылық жерлер үңгірлерде ашық аспанды жерлерде де кездеседі.





Кремний өңіріндегі Шведцариядағы Берн кантонда мустерлік жерлер қазбалар табылған. Вертикальды шұңқылар тереңдігі 60 см, мүйізді құралдар мен қазылған. Бұл жерде бірншілік Кремний өңделуі болған.

Венгриядағы Балатенловашеде бояушы заттар қазбалардағы шахталардан табылған.



Францияның батысындағы үңгірлерінде мустерлік ескерткіштер таудың астында табылған. Олардың тереңдігі және ені 20-25 м –ден артық болмаған. Оңтүстік Франциядағы Комб Гренаде және Ле Пейраре үңгірлері тереңдеу болған. Днестрдегі Молдова І тұрақтарында мамонт сүйектерінен жасалған үйлер ортасындағы от жағылған қалдықтар табылған.

Вюрма І уақытына дейін үйлер үлкен болып құрастырылған. Францияда (Ле Пейрар, Во-Де-Л'Обезье, Эскишо-Грано) көптеп табылған. Қалған кіші үйлер Дюран өзенінің жағасында болған.



Раскопки, проводимые в Костёнках в 2004 году.

